



## Құрметті студент!

2017 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B020500	«Филология»(қазақ)	1. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы 2. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы 3. Жалпы тіл білімі 4. Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
  1. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы
  2. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы
  3. Жалпы тіл білімі
  4. Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.  
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;  
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;  
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға  
**қатаң тиым салынады!**

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

**XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы**

1. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде ән-өлең жанрын дамытқан шығармашыл тұлғалар:

- A) Мысалшы
- B) Драматург
- C) Аудармашы
- D) Әнші-орындаушы
- E) Сал-серілер
- F) Шығарушы-композитор
- G) Көсемсөзші

2. «Біржан - Сара» айтысының айтыс түрлеріне қарай жіктелуі:

- A) Жазба айтысы
- B) Қыз бен жігіт айтысы
- C) Ру айтысы
- D) Дін айтысы
- E) Өлі мен тірінің айтысы
- F) Жұмбақ айтыс
- G) Әлеуметтік айтысы
- H) Бәдік айтыс

3. Майлықожаның аллегория тәсілімен құрылған толғаулары:

- A) «Кәрілік»
- B) «Балқадидиша»
- C) «Ұлы арман»
- D) «Тотықұс»
- E) «Тілек»

4. Ақан серінің ән(дер)і:

- A) «Гәкку»
- B) «Маңмаңгер»
- C) «Сырымбет»
- D) «Жанбота»
- E) «Балқадидиша»

5. Махамбеттің өз бейнесін танытатын толғаулары:

- A) «Мен едім»
- B) «Заман-ай»
- C) «Қамыстың басы майда, түбі сайда»
- D) «Алаң да, алаң, алаң жұрт»
- E) «Бұдырайған екі шекелі»
- F) «Күлдір де күлдір кісінетіп»

6. Махамбеттің «Баймағамбет сұлтанға айтқаны» шығармасының мазмұны:
- A) Халық пен хандар арасындағы қайшылықтың бітімсіздігі
  - B) Отырықшылықты насихаттау
  - C) Дінді уағыздауы
  - D) Халық ақындары жағдайы туралы
  - E) Оқуға, білімге шақыру
  - F) Халық арманы, жер-су үшін күресі
  - G) Исатай ісінің әділдігі
  - H) Әйел теңсіздігін жою
7. Махамбеттің арнау өлеңдері:
- A) «Жәңгірге»
  - B) «Сүлейменге»
  - C) «О, Барақ жас, Барақ жас»
  - D) «Қылыштай қиғыр алмас ем»
  - E) «Абыралыға»
  - F) «Баймағамбет сұлтанға»
8. Махамбет Өтемісұлы:
- A) Драматург
  - B) Жорық жырауы
  - C) Рухты ақын
  - D) Прозашы
  - E) Ағартушы
9. XIX ғасырдағы айтыскер ақын әйелдер:
- A) Ұлбике
  - B) Сара Тастанбекқызы
  - C) Бұрым
  - D) Ақбала
  - E) Жұмаш
  - F) Шолпан Иманбаева
10. Қазақ әдебиетінің классикалық Шығыс әдебиетімен өзара сабақтастығын зерттеген ғалымдар:
- A) М.Базарбаев
  - B) Ж.Рахманова
  - C) С.Ержанова
  - D) Б.Майтанов
  - E) Т.Есембеков

11. XIX ғасырдағы шығыстық қисса-дастандар:

- A) «Бақытсыз Жамал»
- B) «Жүсіп-Зылиқа»
- C) «Ақ Білек»
- D) «Қаламқас»
- E) «Жетім қыз»
- F) «Бозжігіт»

12. Ақмолла Мұхамедиярұлының туындылары:

- A) «Балқадиша»
- B) «Мұнар күн»
- C) «Жаз»
- D) «Жетім қыз»
- E) «Күз»

13. Дулат ақынның «Он бес жас қайда» толғауының басқа жыраулар поэзиясымен үндестігі:

- A) Майлықожа
- B) Шал
- C) Мәделі
- D) Асан
- E) Шортанбай
- F) Қазтуған
- G) Бұқар

14. Шортанбай толғаулары:

- A) «Тілек»
- B) «Қожа емес едім, сарт едім»
- C) «Мұнар күн»
- D) «Ай, Заман-ай, заман-ай»
- E) «Кәрілік»
- F) «Жетім қыз»

15. Шортанбай туындыларының тақырыбы:

- A) Оқу-білімге шақыру
- B) Замана зары
- C) Әйел теңсіздігі
- D) Халық жағдайы
- E) Драмалық
- F) Ғашықтық сарында
- G) Отарлау саясаты

16. Дулат Бабатайұлының өлең(дер)і:

- A) «Опасыз жалған»
- B) «Тырнақтай меңі болған соң»
- C) «Тілек»
- D) «Үш қиян»
- E) «Қазақ айнасы»
- F) «Кәрілік туралы»

17. Дулат Бабатайұлының дастандары:

- A) «Манас»
- B) «Еспембет»
- C) «Тілек»
- D) «Ер Көкше»
- E) «Өсиетнама»
- F) «Шаштараз»

18. Мұрат ақынның өмір, тіршілік туралы толғаулары:

- A) «Сарыарқаның кімдікі екендігі»
- B) «Насихат қазақия»
- C) «Мұсылмандық шарты»
- D) «Өлім»
- E) «Не деп айтсам жарасар»
- F) «Үлгілі сөзді сөйлейін»

19. Мұрат ақынның шығармалары:

- A) «Насихат қазақия»
- B) «Оқудан қайтқан азаматқа»
- C) «Елге сәлем»
- D) «Қазақтың айнасы»
- E) «Шайтанның саудасы»
- F) «Сарыарқаның кімдікі екендігі»
- G) «Мұсылмандық шарты»

20. Ш.Уәлихановтың фольклортанудағы зерттеулері:

- A) «Манзұмат қазақия»
- B) «Абылай мен оның батырлары туралы аңыз»
- C) «Ұлы жүз қазақтарының ертедегі аңыздары»
- D) «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз»
- E) «Өлі мен тірі»

21. Ш.Уәлихановтың Омбы Кадет корпусында оқып жүрген уақыты:

- A) 1853
- B) 1855
- C) 1844
- D) 1848
- E) 1847

22. Ыбырай Алтынсариннің этика, мінез-құлық, әдептілік, достық идеясына жазылған әңгімелері:

- A) «Ананың анасы»
- B) «Шайтанның саудасы»
- C) «Ананың арашасы»
- D) «Жаман жолдас»
- E) «Қазақтың айнасы»
- F) «Ақымақ дос»
- G) «Әділ-Мария»

23. Ы.Алтынсариннің сатира жанрында жазылған туындылары:

- A) «Екі бөшке»
- B) «Аққу, шортан һәм шаян»
- C) «Маймыл мен айна»
- D) «Фітнелік күннен күнге барады асып»
- E) «Аласы ағайынның алаңдатады»
- F) «Мақта қыз бен мысық»
- G) «Маса»

24. Абайдың Лермонтовтан аударма(лар)ы:

- A) Есек
- B) Қарға мен түлкі
- C) Піл мен қанден
- D) Шегіртке мен құмырсқа
- E) Бақа мен өгіз
- F) Жалау

25. Абайдың 16, 29, 31 қара сөздерінде қозғалатын негізгі тақырып(тар):

- A) Мінез жайы
- B) Қазақтың мақал-мәтелі жайы
- C) Құдайға құлшылық жайы
- D) Кәсіп жайы
- E) Мақтан жайы
- F) Аңшылық жайы
- G) Оқу жайы

**XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**



## Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

1. Бір сөзге бірнеше грамматикалық форма жалғанған сөз:

- A) балалар
- B) күзге
- C) сабақты
- D) үйлеріміздің
- E) айттым
- F) жерлерінде
- G) далада
- H) жазғыздым

2. Түбір морфема:

- A) тұлғалық та, мағыналық та дербестігі бар тілдік бірлік
- B) фонетиканың ең кіші единицасы
- C) мағыналық дербестігі жоқ тілдік бірлік
- D) коммуникативтік дербес тұлға
- E) сөз мағынасының негізгі ұйытқысы

3. Прономиналдану:

- A) зат есімнен өзге сөз табына ауысу
- B) басқа сөз таптарына жататын сөздердің есімдікке айналуы
- C) есімдікке айналу
- D) өзге сөз табына жататын сөздердің есімдікке ауысуы
- E) заттанған есімдіктер
- F) зат есімнен сын есімге айналу
- G) есімдіктен сын есімге айналу
- H) есімдіктен өзге сөз табына айналу

4. Еркелету мәнін үстейтін жұрнақтар:

- A) -ыс
- B) -жан
- C) -тай
- D) -шік
- E) -дай
- F) -ш
- G) -лық

## 5. Атауыш сөздер:

- A) грамматикалық мағыналары басым сөздер
- B) тек грамматикалық қызмет атқаратын сөздер
- C) лексикалық мағыналары солғындаған сөздер
- D) әр алуан грамматикалық қатынастарды білдіретін сөздер
- E) өз алдына жеке сөйлем мүшесі бола алатын сөздер
- F) жаңа сөз жасауға негіз болатын тұлға
- G) дербес мағыналы сөздер

## 6. Салыстырмалы шырай:

- A) ақшыл перде
- B) жақсы адам
- C) сарғылт түс
- D) ең ұзын жол
- E) көгілдір көл
- F) өте кең бөлме
- G) таныс жер
- H) тап-таза кеңсе

## 7. Туынды сан есім жасайтын жұрнақтар:

- A) -ыншы
- B) -ер
- C) -лы
- D) -ды
- E) -паз
- F) -сыз

## 8. Еліктеу сөзден жасалған туынды етістік:

- A) сырыл
- B) жалпақ
- C) шұңқыр
- D) кекір
- E) дүрсіл
- F) тықыр
- G) пысқыр
- H) арбай

9. Сөйлемде бастауыш болып тұрған субстантивтенген сан есім:

- A) Домбыраға қол соқпа шымырлатып бір-бірлеп
- B) Екі ағайынды жігіт едік
- C) Ол кезде төрт балалы әйел еді
- D) Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек
- E) Біреулері қара қоңыр бешпенттерін, екіншілері жамаулы, сұр шекпендерін киген
- F) Бірлік бар жерде - тірлік бар
- G) Он бірде биыл баламыз
- H) Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді

10. Сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалып тұрған есімдік:

- A) Бұл үйді мен анадайдан танып келемін.
- B) Сендермен қашаннан аға-інілі болғанмын.
- C) Оны әлдеқашан көріп қойған екен.
- D) Жылқыда өт жоқ.
- E) Барлық колхозшылар жұмысқа шықты.
- F) Мен сол елсіз құзды мәңгі ұмытпаймын.
- G) Осынша соңыма түсетін, мен саған не істедім?
- H) Ол сенсің ғой, Абай?

11. Қабаттасып қолданылып тұрған есімдік:

- A) кейбіреу
- B) мен өзім
- C) әлдекім, әлдене
- D) бәрі, бүкіл
- E) сіздер өздеріңіз
- F) әрне
- G) олар өздері
- H) барша, барлық

12. Есім негізді етістіктер:

- A) бар, кел
- B) жұдырықта, өрле
- C) жүгір, секір
- D) сына, тазар
- E) ашулан, көмектес

13. Құранды етістіктер:

- A) ала сал
- B) апар
- C) көмек көрсет
- D) жәрдем ет
- E) төбесі көкке екі елі жетпеу
- F) төбе шашы тік тұру
- G) қызмет жаса

14. Салт етістікті сабақтыға айналдыратын етістік қосымшасы:

- A) -ыс
- B) -дай
- C) -тір
- D) -кіз
- E) -дір

15. Тіркес құрамында сын есімнің қасиеттерін көрсететін етістік қосымшасы:

- A) -ғалы, -гелі
- B) -атын, -етін
- C) -ып, -іп
- D) -а, -е
- E) -қыз, -гіз
- F) -ыс, -іс

16. Күшейту үстеуі:

- A) нағыз
- B) оқи-оқи
- C) орасан
- D) құр босқа
- E) кейде
- F) сөйлей-сөйлей
- G) дәл
- H) әсте

17. Сөйлемде толықтауыш қызметінде жұмсалып тұрған үстеу:

- A) Мен мұндамын
- B) Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым
- C) Баяғыны аңсады
- D) Мен сенімен біргемін
- E) Әлібек амалсыздан тоқтады
- F) Бүгінді – ертең жеңеді
- G) Бозбаламын мен де енді
- H) Екеуі ертеңін ойлады

18. Шылауы қатысқан сөйлем:

- A) Ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың
- B) Ашуың келсе, қолыңды тарт
- C) Қызыл алманың қышқылы бар
- D) Сонымен мен шығарма жазамын
- E) Ашу-дұшпан, ақыл-дос
- F) Өзен бойындағы ауыл таң атысымен көзге түседі

19. Мен, бен, пен тұлғасы шылау қызметінде жұмсалған сөйлем:

- A) Жарбаңдасып жас күлер құрбысы(мен)
- B) Машина(мен) келдім
- C) Ауыл аймақ(пен) Ұлжан, Айғыздай енелер болып бәрі де Ділданы күтіп тұрады
- D) Ықылас(пен) тоқылық
- E) Қайрат (пен) ақыл жол табар, қашқанға да қуғанға
- F) Ағаш тамыры(мен), адам ұрпағы(мен) мықты
- G) Ақ шоқыда туған өлең, өлең(мен) ән, сан-салалы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп, толқып тарап жатты

20. Ұрып-соғудың қос сөзінің жасалу жолы:

- A) одағай - шылау
- B) есімдік - көсемше
- C) сын есім - сын есім
- D) көсемше - тұйық етістік
- E) етістік - етістік
- F) етістіктің категориялары арқылы

21. Еліктеуіш сөздерге тән белгі:

- A) есімдер жасауға қатыспайды
- B) өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы жоқ
- C) дара түрлеріне де, қосарланған түрлеріне де көптік, тәуелдік жалғаулары тікелей жалғанады
- D) морфологиялық тұлға-тұрпаты бар
- E) өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы болады
- F) етістіктер жасауға қатыспайды
- G) еш өзгеріссіз тікелей етістіктермен тіркесе алады
- H) дара түрлеріне де, қосарланған түрлеріне де септік, жіктік жалғаулары тікелей жалғанады

22. А.Байтұрсынұлы бойынша, шақырыс одағай:

- A) маңқ-маңқ
- B) мыс-мыс
- C) уа
- D) пыс-пыс
- E) әй
- F) қарқ-қарқ
- G) ғайри
- H) аттан

23. А.Байтұрсынұлы бойынша, күйінгенде айтылатын одағай:

- A) ойбай-ай
- B) пәлі
- C) ай
- D) апырым-ау
- E) қойшы
- F) ехо
- G) құдай-ай
- H) о дариға

24. Сөйлемде тек синтаксистік қыстырма мүше қызметіндегі модаль сөздер:

- A) тиіс, расы
- B) әлбетте, шынында
- C) бәлкім, әрине
- D) кәдік, асылында
- E) қисыны, керек
- F) түрі, шамасы
- G) қажет, асылы
- H) кәдік, лазым

25. Күрделі туынды үстеу:

- A) сыртқары
- B) жөнімен
- C) аңдаусызда
- D) екіншілей
- E) көре-көре
- F) әлдекімше
- G) екіншәрі
- H) капелімде

**Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Жалпы тіл білімі**

1. XIX ғасырда салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушылар:

- A) Б. де Куртенэ
- B) Ф. Фортунатов
- C) Ф. де Соссюр
- D) Ф. Бопп
- E) И. Гердер
- F) В. Лейбниц

2. Тіл білімінде XX ғасырда пайда болған ғылым салалары:

- A) Палеонтология
- B) Этнография
- C) Лингвомәдениеттаным
- D) Археология
- E) Психоллингвистика
- F) Әлеуметтік тіл білімі

3. В. Гумбольдттың тіл мен этностың байланысы жөніндегі көзқарасын дамытушылар:

- A) Э. Сепир
- B) И. Бердер
- C) Б. Уорф
- D) В. Пауль
- E) С. Карцевский
- F) В. Хилл

4. Функционалдық лингвистиканың басты өкілдері:

- A) Д. Бонфанте
- B) Б. Трнка
- C) В. Матезиус
- D) Р. Карнап
- E) И. Мещанинов
- F) Г. Шухардт
- G) Б. Уорф

5. Прага лингвистикалық мектебінің негізгі өкілдері:

- A) В. Матезиус
- B) Л. Блумфилд
- C) Н. Трубецкой
- D) Б. Уорф
- E) Л. Ельмслев

6. А. Шлегельдің типологиялық жағынан жіктеген тілдер тобының атауы:

- A) Даралаушы
- B) Аморфты
- C) Полисинтетикалық
- D) Фузиялық
- E) Агглютинативті
- F) Герман
- G) Флективті
- H) Инкорпоративті

7. Лингвистикалық зерттеу әдістері:

- A) Эксперименттік
- B) Картографиялық
- C) Математикалық
- D) Бақылау
- E) Құрылымдық
- F) Географиялық

8. Дистрибутивтік әдістің міндеттері:

- A) Кез келген конструкциялар ішіндегі лексика-грамматикалық байланыстарды зерттеу
- B) Сөйлемдегі сөздердің айналасындағы элементті жасанды түрде ауыстыру арқылы семантикалық байланыстарын анықтау
- C) Адамның сөйлеу әрекетін, сөйлеуді түсініп қабылдау және оны тудыру үдерісін зерттеу
- D) Тілдің дивергентті даму заңдылықтарын зерттеу
- E) Ана тілі мен өзге тілдің сәби және ересектер тарапынан меңгерілу үдерістерін зерттеу
- F) Тілдік жүйе бірліктері мен ережелері тұрғысындағы мәліметтердің психикалық шынайылығын тексеру
- G) Систематология (лингвистикалық типтер жүйесін анықтау және осы типтерге сәйкес д.ж. тілдерін классификациялау)

9. Жас грамматистер бағытының негізін салушылар:

- A) Г. Штейнталь
- B) Б. Дельбрюк
- C) И.А. Бодуэн де Куртенэ
- D) А. Потебня
- E) К. Бругман



10. Структуралық тіл білімінің туу, қалыптасу себептері:

- A) Ғылымда жаңа бағыттардың пайда болуы
- B) Ғылыми парадигмалардың орын алмастыруы
- C) Тілдің ішкі заңдылықтарының шиеленісе түсуі
- D) Тіл ғылымындағы ғалымдардың көзқарастарының өзгеруі
- E) Салыстырмалы-тарихи әдістің зерттеу нысанының әлсіреуі

11. Б. Уорф идеяларындағы қателіктер:

- A) Тілді зерттеуде нәсілдік сипаттағы тұжырым жасады
- B) Тіл мен мәдениеттің қатынасын жоққа шығарды
- C) Тілдерді салыстыра қарастыруды қолдамады
- D) Тілдің рөлін шамадан тыс асыра бағалады
- E) Тіл мен ойлаудың байланысын жоққа шығарды
- F) Әмбебап грамматика жасауды ұсынды

12. Парадигмалық қатынастың өзіндік сипаты:

- A) Тіл элементтерін диахрондық тұрғыда қарайды
- B) Тіл элементтерін көлденең бағытта зерттейді
- C) Тілдің бір мезгілдік деңгейіндегі күйін зерттейді
- D) Тілдің әр мезгілдік деңгейіндегі күйін зерттейді
- E) Морфеманы сөздің құрамында зерттейді
- F) Әр тектес тұлғалар байланысын зерттейді

13. Синтагмалық қатынастың өзіндік сипаты:

- A) Морфеманы сөздің құрамында зерттейді
- B) Тілдің бір мезгілдік деңгейіндегі күйін зерттейді
- C) Тіл элементтерін көлденең бағытта зерттейді
- D) Тіл элементтерін тік бағытта қарастырады
- E) Тіл элементтерін диахрондық тұрғыда қарайды
- F) Тіл элементтерін синхрондық тұрғыда қарайды

14. Тіл дыбыстарының қысқа не созылыңқы айтылуынан сөз мағынасы өзгермейтін тілдер:

- A) Татар
- B) Орыс
- C) Испан
- D) Португал
- E) Қырғыз

15. Негізгі фонетикалық супрасегментті бірліктер:

- A) Энклитика, проклитика
- B) Буын және оның түрлері
- C) Дыбыс және оның түрлері
- D) Такт, фраза
- E) Фонема, морфема

16. Грамматика терминінің кең мағынадағы түсінігі:

- A) Сөзге қарағанда кіші я ірі бірліктерге қатысты
- B) Сөздіктің біртұтас бірлігі ретіндегі сөзге қатысты
- C) Сөйлеу әрекеті туралы ғылым
- D) Жеткізу өресі тұрғысындағы ғылым
- E) Сөздердің айтылу емлесі туралы ғылым
- F) Тек морфемалардың тіркесімділік заңдылықтары туралы ғылым

17. Граммемаға тән сипаттар:

- A) Төменгі деңгей бірлігі
- B) Грамматикалық мағынаға ие
- C) Лексемалар арасындағы категориялық байланыстарды білдіреді
- D) Лексикалық мағынаға ие
- E) Екіжақты бірлік, номинативтік қызмет атқарады
- F) Мағына ажыратушылық қызмет атқарады
- G) Орта деңгей бірлігі

18. Сөз тіркесіне тән белгілер:

- A) Толық мағыналы кемінде екі сөздің тіркесі
- B) Интонация сөз тіркестерінің органикалық элементі болып табылады
- C) Сөз тіркесі коннотатық мағынада болады
- D) Сөз тіркесі предикативтілікті білдіруі шарт
- E) Сөз тіркесі – грамматикалық категория
- F) Сөйлем арқылы тілде коммуникативті қызмет атқара алады
- G) Грамматикалық жағынан өзара байланысты тіркес

19. Трансформациялық бағытқа тән синтаксистік қағидалар:

- A) Синтаксистік жүйе элементарлы сөйлемдер жиынтығынан тұрады
- B) Сөйлем тақырып – темаға және жаңа хабар – ремаға мүшеленеді
- C) Элементарлы сөйлемдерден түрлі ұзындықтағы әртүрлі жаңа сөйлемдер алуға болады
- D) Элементарлы сөйлемдер шығу тегі жағынан көне болып табылмайды
- E) Сөйлемдердің элементарлы типтері ядро сөйлемдер деп танылады
- F) Морфеманың дистрибуциясы – морфеманың басқа морфемалармен қоршауының барлық жиынтығы
- G) Сөйлемдегі өзара тікелей байланысты сөздер – тікелей құрастырушылар

20. Көне шумер тілінің алтай тілдерімен туыстығы жөнінде пікір айтқан ғалымдар:

- A) Ф. Хоммель
- B) С.П. Толстов
- C) Н.А. Баскаков
- D) А.С. Аманжолов
- E) А.И. Томсен
- F) Б. де Куртенэ
- G) В. Гумбольдт

21. Пор-Рояль грамматикасына негіз болған тілдер материалдары:

- A) Көне үнді тілі
- B) Көне француз тілі
- C) Көне исланд тілі
- D) Көне еврей тілі
- E) Көне испан тілі
- F) Көне қытай тілі
- G) Көне грек тілі

22. Тіл философиясын зерттеушілердің концептуалдық мақсаты:

- A) Тілді грамматика деп қарау
- B) Тіл философиясын негіздеу
- C) Ғылыми қарым-қатынас орнату
- D) Ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту
- E) Философиялық грамматика жасауға тырысу
- F) Тілді философиялық тұрғыдан түсіндіру

23. Тілдер типін ажыратуда типологиялық белгі ретінде алынатын нысандар:

- A) Синтаксистік қатынастар
- B) Грамматикалық категория
- C) Сөз құрылымы
- D) Сөз таптары
- E) Сөздердің тұлғалық түрленісі

24. Тілдік талдауда тілдік тұлғаларды сипаттау, талдау кезеңдері:

- A) Деректер біріктіріледі
- B) Деректер іріктеледі
- C) Деректер мүшелерге жіктеледі
- D) Деректер компьютерге түседі
- E) Деректер өзара салыстырылады
- F) Деректер талдауға түседі
- G) Деректер өзара байланыстырылады
- H) Деректер қызметке бөлінеді

25. Құрылымдық талдаудың мақсаттары:

- A) Сөйлеуді мақсатқа бағытталған әлеуметтік әрекет ретінде зерттеу
- B) Тілдің құрылымдық бірліктері арасындағы шекараны анықтау
- C) Бір сөйлеу туры уақытындағы бір коммуниканттың сөйлеу әрекетін зерттеу
- D) Бір деңгей мүшелері арасындағы парадигмалық байланыстарды анықтау
- E) Тілдік таңбалардың сөйлеудегі қызметтерін анықтау
- F) Систематология (лингвистикалық типтер жүйесін анықтау және осы типтерге сәйкес дүниежүзі тілдерін классификациялау)
- G) Абзацтық түзілімді автор ниеті тұрғысынан зерттеу

**Жалпы тіл білімі  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

**Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі**

1. Қимыл-іс пен логикалық субъектінің қатынасын білдіретін сөйлемдер:

- A) Тыныштық бермейтін – жастық.
- B) Қарттық тыныштықты қалайды.
- C) Жастық тыным бермейді.
- D) Әкем ауылдан кеше келген.
- E) Әкемнің ауылдан келгені кеше.
- F) Қуаныш әкелмейтін - мәнсіз өмір.
- G) Ауылдан кеше келген – әкем.

2. Аналитика-синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сөз тіркесі:

- A) Үйдің жанына жақындадық
- B) Көшеге шықтым
- C) Сабақ талқыланды
- D) Ініммен бірге қайттық
- E) Жаңа сабақ қызықты
- F) Інімді ерттім

3. Таза эмоциялық қатынасты білдіретін лепті сөйлем:

- A) Аш көзінді, жауыз
- B) Суыққа тоңу дегенді біле ме олар
- C) Мынау жақсы екен
- D) Қандай ғажап көрініс
- E) Ал ендеше айтпайсың ба
- F) Қорықпа, жеңгей

4. Синтаксистің зерттеу объектісі:

- A) Морфемалар тіркесімі
- B) Дыбыстардың тіркесімі
- C) Сөздердің мағынасы
- D) Сөйлемдердің құрылымы
- E) Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі
- F) Сөздердің көп мағыналылығы
- G) Сөздердің құрылымы

5. Етістікті сөз тіркесі:

- A) ойға салыну
- B) асықпай салу
- C) сурет салу
- D) қол салу
- E) құлақ салу
- F) үй салу
- G) бір-бірден салу

6. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған есімді сөз тіркесі:

- A) маманға кеңес
- B) маманның ісі
- C) орындалатын іс
- D) істі болды
- E) маман арқылы жолығу
- F) маманға серік

7. Меңгерудің түрі:

- A) еліктеуішті
- B) есімдікті
- C) үстеулі
- D) одағайлы
- E) есімді
- F) ортақ басыңқылы
- G) етістікті

8. Матаса байланысқан изафеттік сөз тіркесіне тән белгі:

- A) іс-қимылдың себебі
- B) бүтіннің бөлшегі ретіндегі мағына
- C) іс-қимылдың мекені
- D) іс-қимылдың аяқталу шегі
- E) қатыстық мағына
- F) іс-қимылдың мезгілі
- G) меншіктік мағына

9. Етістікті сөз тіркесі:

- A) Нашар оқушы
- B) Саған бола аялдадық
- C) Келген адам
- D) Адал жар
- E) Көшені аралау

10. Айқындауыш мүше қатысқан сөйлем:

- A) Мен саған өзімше, жүргізушіше, айтайын.
- B) Түсінбегендіктен, түсіне алмағандықтан сезбей қалар деп ойлады.
- C) Артынан, Абай ұғындырған соң, олар үндемей қалды.
- D) Асан семізше келген қырықпа қызыл тоқтыны алып келді.
- E) Кеше, мамырдың онында, немерем алғашқы қадамын жасады.

11. Бағыныңқы сыңары есімшеден жасалған сөз тіркесі:

- A) келген студент
- B) хабар бермек
- C) үнемі келетін
- D) ертең келер
- E) баратын уақыт
- F) айтпақ ойы

12. Қаратпа сөз қатысқан сөйлем:

- A) Шатаспасам, солай болу керек.
- B) Ойбай-ау, мыналар не дейді, Бақа?
- C) Екіншіден, бұл шаруаны өзіміз реттейміз.
- D) Ой, Бәке, көңіл аудармаңыз.
- E) Біріншіден, олар істің мән-жайын білмейді.
- F) Тәйірі, соны да сөз деп.

13. Есімді сөз тіркестері сыңарларының байланысы:

- A) Сын есім мен етістік
- B) Есімдік пен етістік
- C) Зат есім мен етістік
- D) Сын есім мен зат есім
- E) Етістік пен зат есім
- F) Зат есім мен зат есім

14. Бірыңғай мүшелер қатысқан сөйлемдер:

- A) Абай, Біржан, Әйгерімдер тысқа шығып, оларды аттандырып жатыр.
- B) Ауылдың бір шеті - ат шаптырым
- C) Өзі бір тәжірибелі адам секілді көрінеді.
- D) Күн күле шығып, арқан бойы көтерілді.
- E) Жұрт кешкі шаруаларын жайғап, малдарын қотаңдап жүр.
- F) Асқар сағатына қараса, сағат тоғыз болып қалған екен.

15. Сөз тіркесіне қатысты барлық пікірлерге тән ортақ тұжырым:

- A) сабақтаса байланыспайды
- B) көмекші сөздер жеке келіп бір компоненті ретінде қатыса алады
- C) сөз тіркестерінің компоненттері лексикалық дербестікке ие тұлғалар
- D) құрамындағы тұлғалар аналитикалық және синтетикалық тәсілдер арқылы тіркеседі
- E) предикативтік қатынасқа ие бірлік

16. Мағынасына қарай бөлінетін сұраулы сөйлемдер:

- A) Альтернативтік сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер
- B) Хабарды баяндау үшін жұмсалатын сөйлемдер
- C) Болымсыз пікірді білдіретін сөйлемдер
- D) Риторикалық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер
- E) Біреудің пікірін білдіру үшін жұмсалатын сөйлемдер
- F) Ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер

17. Сөздерді байланыстырушы амалдар:

- A) Орын тәртібі
- B) Меңгеру
- C) Қиысу
- D) Қабысу
- E) Жалғаулар
- F) Матасу
- G) Жанасу

18. Етістікті сөз тіркесі:

- A) Келе бер
- B) Арқанмен түсу
- C) Көзі жету
- D) Үйіне жету
- E) Иесіне бер

19. Сөз тіркесіне ұқсас құбылыстар:

- A) Қыстырма сөздер
- B) Оқшау сөздер
- C) Күрделі сөздер
- D) Түйдекті тіркестер
- E) Қосарланған сөздер



20. Қимыл-іс пен оның себебінің қатынасын білдіретін сөйлем:

- A) Құрмаш қашып кетті деуге қимады.
- B) Олай дейтіні – жанына жылу ұялатқандығынан.
- C) Достығына сызат түсті.
- D) Әңгіме қылатындары балалық шақтағы қызық сәттер.
- E) Қимағаны жақсы көргендіктен.
- F) Бала кезімнен бірге келе жатқан досым еді.

21. «Қайталау» амалының коммуникативтік мақсаты:

- A) іс-әрекеттің субъектіге қатысын білдіру
- B) іс-әрекеттің қарқындылығын білдіру
- C) актуалдылықты білдіру
- D) экспрессивтілікті білдіру
- E) болған іс-әрекетке көзқарасты білдіру
- F) іс-әрекеттің уақытқа қатынасын білдіру
- G) іс-әрекеттің болған-болмағанын білдіру
- H) іс-әрекеттің өту амалын білдіру

22. Предикаттық қатынас:

- A) құрамындағы сөздер қабыса байланысады
- B) құрамындағы сөздер меңгеріле байланысады
- C) бастауыш пен баяндауыштың қатынасы
- D) сөйлемдегі модальдылық пен сөйлем бойындағы шақтық белгілермен қатар жүреді
- E) субъекті мен предикаттың қатынасы

23. Жақсыз сөйлемдердің жасалу жолдары:

- A) Тұйық райлы етістік пен III жақ арқылы
- B) Өткен, келер шақтық етістіктер арқылы
- C) Баяндауышы II жақтық жіктік жалғаулы сөз арқылы
- D) Жатыс септіктегі сөз бен тура келеді сөзі арқылы
- E) Ілік септігіндегі сөз тәуелдік жалғаулы сөздер арқылы
- F) У, мақ жұрнақты тұйық райлы қимыл есімі мен керек сөзі арқылы
- G) Барыс септік тұйық рай етістік пен тура келеді сөзі арқылы
- H) Болымсыз шартты рай етістік пен болмайды сөзі арқылы

24. Сөйлемнің логика-грамматикалық типтері:

- A) Хабарлы, сұраулы, бұйрықты сөйлемдер
- B) Репликалы сөйлемдер
- C) Жақты, жақсыз сөйлемдер
- D) Зат пен оның қимыл-күйін хабарлайтын сөйлемдер
- E) Қимыл-іс пен оның сынының қатынасын білдіретін сөйлемдер
- F) Қимыл-іс пен оның себебінің қатынасын білдіретін сөйлемдер
- G) Болымды, болымсыз сөйлемдер
- H) Толымды, толымсыз сөйлемдер

25. Атаулы сөйлемдер:

- A) Адасатыным рас
- B) 1916 жыл. Шілденің ақыры
- C) Барамыз
- D) Күн жылы
- E) Әдемі ғимарат. Қайнап жатқан құрылыс
- F) Оюлы текемет. Жинаулы бөлме. Үйде Ақботадаң басқа ешкім жоқ
- G) Омар - студент
- H) Қонақтар осында

**Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі  
ПӘНІ БОЙЫНША  
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**